«БЕКІТЕМІН»
«№6 «Өркен» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
директоры ________ Кенджебаева Т.А.

# Ерекше білімді қажет ететін балалармен жүргізілетін жұмыс жоспары
# 2023-2024 оқу жылы

Психолог: Реева Т.Ж

## Ерекше білімді қажет ететін балалармен жүргізілетін жұмыс жоспары

Мақсаты: Баланың дамуындағы кемшілікті ерте бастан түзету, даму мүмкіндігіне қарай дамытушы дидактикалық ойын түрлерін таңдай білу. Ойындар арқылы баланың қабылдауын, есте сақтауын, ойлауын, зейінін, және қиялын дамытып, сөздік қорын молайтуда нақты білім беру емес, белгілі бір психологиялық қасиеттерді дамыту.

| № | Жұмыстың түрлері | Мақсаты | Нәтижесі | Жас ерекшеліктері | Уақыты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Тақырыбы: «Түрлі-түсті тастар»** Шарты: Жүк көліктеріне түрлі-түсті тастарды ажыратып, саусақтарымен теріп жинау, (қызыл, сары, көк) түстерді қайталап атау. | Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысын, қабілетін дамыту, ынтасын, есте сақтауын, зейінін арттыру.Шыдамдылыққа үйрету | Саусақ моторикасы, зейіні, есте сақтауы дамиды.Түстерді ажыратады, атайды. | Бастапқы кезең:барлық топқа. | Қыркүйек, қазан, қараша |
| 2 | **Тақырыбы: «Қыстырғыш»** Шарты: Екі немесе төрт түрлі түсті қағаз дөңгелекшеге түстеріне сай қыстырғыштарды қыстырып, гүлдің күлшелерін құрастыру. | Саусақ бұлшық еттерін дамыту.Түстерді есте сақтауын, зейінін шоғырлануын қалыптастыру. | Саусақ моторикасы, зейін, есте сақтауы дамиды.Түстерді ажыратады, атайды | Бастапқы кезең:барлық топқа. | Қыркүйек, қазан, қараша |
| 3 | **Тақырыбы: «Құм терапиясы» «Құммен ойын»**<br>1. Құмнан түрлі мүсіндер жасау.<br>2. Саусақпен топыраққа сурет салу, ұсақ ойыншықтармен мазмұнды ойындар ойнау. | Құм ойыны арқылы қиялын, ойлауын дамыту. Шығармашылығын арттыру | Құм ойынында бала қиындықты жеңе білуді үйренеді, қорқыныш, ұялшақтық сезімнен арылып, өмірді танып біледі. Құмнан түрлі мүсіндер жасау арқылы бала өзінің ішкі жан дүниесін, қобалжуын, қорқыныш сезімін жеңе алады. | Ересек топ, мектепалды топ | Жыл бойы. |
| 4 | **Танымдық ойын:** | Қолдың ұсақ қол моторикасын, | Қолдың ұсақ қол | Ересек топ, | Қараша, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тақырыбы: «Пішіндер»**<br>Екі пазалы құрастырмалы сурет: пішінге ұқсас суретті тауып құрастыру. | логикалық ойлау қабілетін, қиял мен зейінін дамыту және байқампаздыққа үйрету. | моторикасы, логикалық ойлау қабілеті, қиялы мен зейіні және байқампаздығы дамиды. | мектепалды топ | мамыр |
| 5 | **Қабылдау қабілетін дамытуға арналған ойын**<br>**«Не үлкен?»**<br>Отырған балаға жүргізуші сұрақ қояды. Орындықтан не үлкен? Бала кезекпен заттарды атайды.Баланың қабылауын бақылап, бірнеше сұрақтар қоюға болады. | Қабылдауын, сөздік қорын дамыту. | Қабылауы, ойлауы сөйлеуі дамиды. | Ересек топ, мектепалды топ | Жыл бойы |
| 6 | **Сурет терапиясы**<br>**Суреттік тест тақырыбы: «Менің сүйікті түстерім»**<br>Түрлі –түсті қарындаштармен өз еркімен ақ парақтағы дөңгелектерді бояйды. Анализ жасалады. | Мақсаты: Балалардың ішкі сезімін ашу, түстер арқылы көңіл-күйін, бойындағы түрлі қасиеттерін болжау. | Баланың бойындағы жағымды-жағымсыз қасиеттер байқалады. | Ортаңғы, ересек және мектепалды топтары | Қараша, қаңтар, наурыз |
| 7 | **Есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ойын «Ойыншықты сипатта»**<br>Психолог балаларға қолындағы ойыншықты мұқият қарап алуды ұсынды (1 минут).<br>Мысалы:қуыршақ, түлкі, қоян, түйе т.б Алынатын ойыншықтар түрлі-түсті және бөліктері бірнешеу болуы шарт. Ойыншықты дәл, нақты сипаттап беру маңызды емес, ең бастысы бала ойынға қатысып ойыншықты атап, есіне түскен ерекшелігін атай білу | Есте сақтауын, сөзік қорын дамыту. | Есте сақтауы, сөйлеуі, ойлауы дамиды. | Ересек топ, мектепалды топ | Жыл бойы |
| 8. | **Зейінді тұрақтандыруға арналған ойын**<br>**«Дайын бол»**<br>Бала шеңбермен жүреді. Жүргізуші | Зейінін шоғырландыруға үйрету, қимылдарын дамыту, тыңдай білуге үйрету. | Зейіні тұрақталады қимылдары дамиды, тыңдай білуге үйренеді | Барлық топқа | Жыл бойы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір сөз айтады, ал бала сол сөзді іс-қимылмен көрсетеді. Мысалы: қоян-секіреді, ат-шабады, құс-ұшады, ләйлек-бір аяғымен тұрады. | | | | |
| 9 | **Сурет терапиясы.**<br>**Суреттік тест тақырыбы: «Кактус»**<br>Алдын ала кактус туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Түрлі –түсті қарындаштармен өз еркімен кактус суретін ақ параққа салады.Анализ жасалады. | Мақсаты: Балалардың ішкі сезімін ашу, қиялын дамыту. Мінез-құлқын анықтау. | Мінез-құлқындағы өзгерістер анықталады. | Ересек топ, мектепалды топ | Желтоқсан, мамыр |
| 10 | **Ойлауды дамытуға арналған ойын**<br>**«Ойлан да аяқта»**<br>-ат шабады, ал қарлығаш... (ұшады)<br>-ит үреді, ал мысық.... (мияулайды)<br>-жылан жорғалайды, ал балық.... (жүзеді)<br>-қасқыр ұлиды, ал қой.... (маңырайды)<br>-түйе боздайды, ал жылқы..... (кісінейді)<br>Бала түсінгенінше іс қимылдар, дыбыстар арқылы жауап берсе де болады. | Ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту. | Ойлайды, сөйлейді, қимыл-әрекеті дамиды. Есте сақтайды, ажырата алады. Дыбыстау арқылы таниды. | Барлық топқа | Жыл бойы |
| 11 | **«Қимылды дамытуға арналған ойын. «Менің көңіл-күйім қандай?»**<br>Бала өз көңілдеріне сәйкес келетін суретті тауып атайды (көңілді-көңілсіз, қорқынышты, ренжулі,.... т.б) Сол кездегі өздерінің көңіл-күйге сәйкес болған жайды | Қиялын дамыту. Сөйлеу тілін қалыптастыру. | Қиялы дамиды. Сөздік қоры молаяды. Эмоциясын көрсетеді | Барлық топқа | Жыл бойы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелеп береді немесе психолог сол көңіл-күйге байланысты жұмыс түрлерін ұйымдастыра алады. | | | | |
| 12 | **Сөйлеуді дамытуға арналған ойын «Ойыншықпен әңгіме» ойыны**.<br>Бала сүйікті ойыншығын қолына ұстап отырады, ал психолог қолына қолғап ойыншығын киеді.Психолог баланың ойыншығына, жақындап, сипап, сұрақтар қояды: «Сенің ойыншығың қандай? Сенің балабақшада досың бар ма? Достарыңның аты кім? Қандай ойындар ұнайды?» және т.б | Сұрақты тыңдап, ойланып жауап беруге үйрету.Байланыстыра сөйлеуін дамыту. | Сөйлеуін дамыту. | Барлық топқа | Жыл бойы |
| 13 | **«Ия» десең-қолмен шапалақта, «Жоқ» десең-аяқпен тыпырлат» ойыны.**<br>Психолог: «Мен саған қазір бір нәрсе айтамын, егер сен «ия» десең –қолмен шапалақта, ал егер келіспей «жоқ» десең-аяқпен тыпырлат, бірақ ешкім сөйлемеуі керек, тек қимылмен көрсетеміз. Түсінікті ме?» дейді<br>-Мен барлық балалармен ойнаймын.<br>-Мен ойыншықпен бөлісемін.<br>-Мен көп жылаймын.<br>-Мен үлкендерді тыңдаймын. | Есте сақтауын, ойлауын дамыту. Қимыл әрекетін қалыптастыру | Есте сақтайды, ойланады. Эмоциясын көрсетеді | Барлық топқа | Жыл бойы |
| 14 | **Сурет терапиясы.**<br>**Суреттік тест тақырыбы:**<br>**«Жанұия суреті»**<br>Түрлі-түсті қарындаштармен өз еркімен жанұя суретін ақ параққа салады.Анализ жасалады. | Мақсаты: Балалардың ішкі сезімін ашу, қиялын дамыту. | Ұсынылып отырған тестік-сурет баланың зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін, ұсақ моторикасын дамытуға арналған, адамгершілік | Ересек топ, мектепалды топ | Қараша, сәуір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым –қатнас жасауға, достық сезімге тәрбиелеуге үйретеді. | | |
| 15 | **Сөйлеуді дамытуға арналған ойын. (Түрлендіру)**<br>**«Көңілді сөз»**<br>Бала қарама-қарсы психологқа қарап отырады. Психолог көңіл көтеретін бір сөз айтады. Сөзді айтқан уақытта сол баланың көзіне қарап айту керек. Мысалы: /сен бүгін әдемісің, сенің көйлегің қандай әдемі т.б/ кезектесіп көңілді сөздер айтылады. | Ойлауын, сөйлеу тілін дамыту.Мейірімділікке, адамгершілікке тәрбиелеу | Ойланады, сөйлем құрайды, адамгершілік сезімі оянады, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, достық сезімге тәрбиелеуге үйренеді | Ересек топ, мектепалды топ | Жыл бойы |
| 16 | **Қабылдауды дамытуға арналған ойын**<br>**(Ойынды түрлендіріп жеңілдетуге болады)**<br>**«Заттарды қабылдау»**<br>Психологтың алдында биік-аласа мұнаралар, оң қолын және сол қолын көтеріп тұрған көрінісі | Қабылдауын, ойлауын, сөйлеуін дамыту. | Түсінеді, қабылдайды ойлайды, сұрақтарға жауап береді | Барлық топқа | Жыл бойы |

**«БЕКІТЕМІН»**
**«№6 «Өркен» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК**
**директоры ______ Кенджебаева Т.А**

**2023- 2024 оқу жылына арналған перспективалық-тақырыптық жоспарлау**

| № | Жұмыс мазмұны | Мерзімдері |
|---|---|---|
| | БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС | |
| | Диагностика | |
| 1 | Жаңадан келген балалардың бастапқы диагностикасы (бейімдеу) | Қыркүйек, қазан |
| 2 | Ата-аналар мен педагогтардың тапсырыс бойынша балалардың тереңдетілген диагностикасы | Оқу жылы ішінде |
| 3 | Балалардың зияткерлік дамуының диагностикасы | Қыркүйек, қазан |
| 4 | Мектепалды тобындағы балалардың мектепке дайындығының психологиялық даму деңгейі. Бастапқы диагностика | Қыркүйек |
| 5 | Тұлға аралық қарым-қатынас (бала – бала, бала – ата-ана, бала – тәрбиеші) | Оқу жылы ішінде |
| 6 | Кіші топтағы балалардың сенсорлық дамуын тексеру | Ақпан |
| 7 | Мектепалды топ балаларының мектепте оқуға психологиялық дайындығы. Екінші қайтара диагностика | Наурыз, сәуір |
| 8 | Ересек топтағы балалардың психологиялық дамуы | Наурыз – мамыр |
| 9 | Балалардың жеке тұлғалық қасиеттерінің диагностикасы (өзін-өзі бағалау, ұмтылу деңгейі, эмоциялық ахуал) | Оқу жылы ішінде |
| 10 | Ортаңғы топтарда отбасы климатын зерделеу («Менің отбасым» тесті) | Желтоқсан |

| | | |
|---|---|---|
| 11 | Мектепалды топтарда «Үй, ағаш, адам» әдістемесінің көмегі мен жеке тұлғаны зерделеу | Мамыр |
| **Түзеу-дамыту жұмысы** | | |
| 1 | Балаларды бейімдеу үдерісін психологиялық қолдауға арналған психо профилактикалық іс-шаралар | Қыркүйек, қазан |
| 2 | Балалар мен түзеу-дамыту сабақтары | Оқу жылы ішінде |
| 3 | Жағымсыз жеке ауытқушылықтар мен мектепке бейімделмеудің алдын алуға арналған психологиялық тренинг | Айына 1 рет |
| 4 | Қарым-қатынасты дамытуға арналған ойын-сабақтар, ойын-жаттығулар (ересек және дайындық топтары) | Айына 2 рет |
| 5 | Танымдық функциялар дамыту бойынша ортаңғы топмен жұмыс | Аптасына 1 рет |
| 6 | Мінез-құлқы күрделі балалар мен ертегі және құм терапиясы | Оқу жылы ішінде |
| 7 | Барлық топтағы балалар мен ойын-сауық бағдарламаларын өткізу | Тоқсанына 1 рет |
| **ПЕДАГОГТАРМЕН ЖҰМЫС** | | |
| **Консультациялар** | | |
| 1 | «Бөбекжайда балаларды сенсорлық тәрбиелеу» | Қыркүйек |
| 2 | «Балалар қақтығысы. Оларды қалай шешуге болады?» | Қараша |
| 3 | «Қазіргі замандағы ойындар проблемасы» | Желтоқсан |
| 4 | «Педагогтардың эмоциялық жануы» тренингі | Қаңтар |
| 5 | «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту бойынша психологиялық-педагогикалық жұмысты ұйымдастыру» (жұмыс тәжірибесінен) | Наурыз |
| 6 | «Логоритмика – бұл қозғалыс, қозғалыс – бұл денсаулық!» | Сәуір |
| 7 | «Мектепке дейінгі ересек топтағы балаларды әлеуметтік дамыту» | Ақпан |
| 8 | «Театрланған іс-әрекеттегі балалардың эмоциялық дамуы» | Мамыр |
| 9 | Тапсырыстар бойынша жеке кеңестер беру | Жыл бойына |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Балалардың мектепке психологиялық дайындығының нәтижелері бойынша медициналық-психологиялық-педагогикалық консилиум | Жыл бойына тапсырыс бойынша |
| | **Педагогтардың әлеуметтік психологиялық мәдениетін арттыру** | |
| 1 | «Бала әлемді қалай таниды?» | Қыркүйек |
| 2 | Баланың зияткерлік даму сатысы | Қазан |
| 3 | Зердені дамыту бала психикасын қалыптастырудың маңызды шарты | Қараша |
| 4 | Пиаженің даму теориясы | Желтоқсан |
| 5 | Балалық шақ мәдениет тану ретіндегі ерекше құбылыс | Қаңтар |
| 6 | Адамзат дамуының тарихындағы мәдениеттердің 3 түрі | Ақпан |
| 7 | Баламен жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдері | Наурыз |
| 8 | Жазалау әдісі тәрбиелік әсер етудің құралы ретінде | Сәуір |
| 9 | А. Фрейд зерттеулеріндегі балалық шақтың психикалық талдауы | Мамыр |
| 10 | Э. Эриксонның жеке тұлға дамуының эпигенетикалық концепциясы | Маусым |
| 11 | Психологиялық әлеуметтік даму сатылары | Шілде |
| | **Педагогтың кәсіптік шеберлігі мен жеке тұлғасын бағалау** | |
| 1 | Педагогтың кәсіптік шеберлігі мен жеке тұлғасын бағалау бойынша тест | Қазан |
| 2 | «Қарым-қатынастағы өзін-өзі бақылау» тесті (М. Снайдер) | Қараша |
| 3 | «Эмпатикалық қабілеттерді өзіндік бағалау» тесті (Ю. М. Орлов, Ю. Н. Емельянов) | Қаңтар |
| 4 | «Эмоциялық жану деңгейінің диагностикасы» тесті (В. В. Бойконың әдістемесі) | Ақпан |
| 5 | «Қарым-қатынастағы агрессия шылдықты бағалау» тесті (А. Ассинг) | Наурыз |
| 6 | «Көпшілдік деңгейін бағалау» тесті (В. Ф. Ряховский) | Сәуір |
| | **ӘКІМШІЛІКПЕН ЖҰМЫС** | |
| 1 | Диагностика мәселелерін талқылау және оның нәтижелерімен танысу | Өткізілуіне қарай |
| 2 | Жүргізілген диагностика нәтижелері туралы анықтамалар ұсыну | Өткізілуіне |

| | | |
|---|---|---|
| | | қарай |
| 3 | МДҰ-ның жылдық жоспарын жасауға қатысу | Август |
| 4 | Ұжым мен жұмыс кезінде психологиялық көмек көрсету | Жыл бойына |
| 5 | Әкімшіліктің тапсырысы бойынша туындаған проблемаларды шешуге қатысу | Жыл бойына |
| 6 | МДҰ қызметіне қатысу: таңертеңгіліктер, мерекелер «Ашық есік күндері», көрнекті насихаттарды безендіру | Жыл бойына |
| | **Педагогикалық кеңестерді дайындау және оның жұмысына қатысу** | |
| 1 | Тренинг «Мен өзімді жақсы білемін бе?» викториналық сұрақтар | Қараша |
| 2 | «Үздік патриоттық бұрыш» байқау | Қараша |
| 3 | «Балаларды азаматтық-патриоттық және рухани-адмагершілікке тәрбиелеу бойынша жұмыс жағдайы» Тақырыптық тексеру. | Қараша |
| 4 | «Менің озық тәжірибем» Шеберлік сынып | Қаңтар |
| 5 | «Ең үздік заттық дамытушы орта» байқау | Қаңтар |
| 6 | «Балалардың толыққанды даму үшін жағдай жасалуы» Тақырыптық тексеру. | Наурыз |
| 7 | «Пәндік –дамытушы ортаны ұйымдастыру» семинар | Наурыз |
| 8 | «2023-2024 оқу жылындағы жұмысты талдау» | Мамыр |
| | **АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС** | |
| | **Консультациялық-ағарту жұмысы** | |
| 1 | «Баланың бөбекжайға бейімделуі» Жеке кеңес | Жыл бойына |
| 2 | «Сіздердің құқықтарыңыз туралы әңгімелесейік» ата-аналар жиналыстарында сөз сөйлеу | Қыркүйек, қаңтар, мамыр |
| 3 | Тапсырыстар бойынша дербес консультациялар | Жыл бойына |
| 4 | «Әр түрлі ойын түрлерінде кіші мектеп жасына дейінгі балалар бойында адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру» консультациясы | Сәуір |
| 5 | «Нейропсихологиялық ойындар» | Наурыз |
| 6 | «Мектеп жасына дейінгі балалар бойында ер азаматтық және нәзік жандарға тән биязылық | Мамыр |

| | | |
|---|---|---|
| | қасиеттерін қалыптастыру» консультациясы | |
| 7 | «Бөбекжай педагогтарының тәрбиеленушілер отбасы мен тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету» (жұмыс тәжірибесінен) семинары | Қараша |
| 8 | «Бейімдеу проблемалары және оларды шешу жолдары» консультациясы | Қыркүйек |
| 9 | «Егер отбасында «ерекше бала» болса» кеңес | Қазан |
| 10 | «Жеті жас дағдарысы» | Желтоқсан |
| | **Диагностика** | |
| 1 | «Бейімдеу болжамы» тесті ( кішітопқа арналған) | Қыркүйек |
| 2 | «Сіздің балаңыз мектепке дайынба?» сауалнамасы (Мектепалды тобына арналған) | Қазан |
| 3 | «Біздің бөбекжайға деген қарым-қатынасыңыз қандай?» сауалнамасы (Барлық топтарға арналған) | Қараша |
| 4 | «Сіз өз балаңызды білесізбе?» сауалнамасы (Ортаңғы топқа арналған) | Желтоқсан |
| 5 | «Сіз баланың құқықтарын білесізбе?» тесті (Ересек топқа арналған) | Ақпан |
| | **«Психолог бұрышы» стендін безендіру** | |
| 1 | Мектепке дайындық | Қыркүйек |
| 2 | Егер балаңыз жалқау болса, не істеу керек? | Қазан |
| 3 | Мектепке (уәждік саланың) жеке тұлға ретіндегі дайындық | Қараша |
| 4 | Отбасылық шиеленісті қалай болдырмауға болады? | Желтоқсан |
| 5 | Егер бала мен ешкім достаспаса | Қаңтар |
| 6 | Бала тіл алғыш болуы тиіспе немесе қалайша сүйіспеншілікті сақтауға болады? | Ақпан |
| 7 | Балалар неліктен аяқ астынан ... | Наурыз |
| 8 | Ата-аналарға арналған 10 өсиет | Сәуір |
| 9 | Балаларды мектепке дайындау туралы есеп | Мамыр |
| 10 | Балаларды тәрбиелеу кезіндегі ересектердің өзін-өзі ұстау ережелері | Маусым |

«БЕКІТЕМІН»
«№6 «Өркен» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
директоры__________ Кенджебаева Т.А

## АТА –АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

| № | Жұмыс мазмұны | Өткізу түрлері | Қатысушылар | Жауаптылар | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жана оқу жылына жоспар құрастыру. | | Ата-аналар | - | Қыркүйек |
| 2 | «Балаланың бөбекжайға бейімделуі» Жеке кеңес | Пситхологиялық кеңес беру | Ата-аналар | - | қыркүйек |
| 3 | «Бала мен балабақша» ата-аналарға арналған сауалнама | Сауалнама | Ата-аналар | - | Қараша |
| 4 | Ата –аналарға арналған тест | Тест | Ата-аналар | - | Сұраныс бойынша |
| 5 | «Педагог-психологтың ата-аналарға арналған психологиялық кеңес беру жұмысы» | Пситхологиялық кеңес беру | Ата-аналар | - | Жыл бойы |
| 6 | «2023-2024 оқу жылындағы жұмысты талдау» | Баяндама | Ата-аналар | - | Оқу жылдың аяғында |

Педагог-психолог: Реева Т.Ж.